



ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 2-БӨЛІМ

Тауар таңбасы белгілеме ретінде





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Тауар таңбасы белгілеме ретінде

Дәріс авторы: Күлтай Адилова

Үшінші тұлғалардың тауар таңбасын тіркеуді кейіннен алып тастауын болдырмау және қорғауға ие болу үшін Тауар белгісі туралы заңның талаптарына сәйкес болуы керек. 1994 жылғы Англияның тауар белгілері туралы заңында тауар белгілері ретінде ұсынылатын белгілемелерге қатысты мынадай талаптар бекітілген: біріншіден, белгі белгілеме түрінде болуы тиіс; екіншіден, белгі тауар белгілері жөніндегі тізілімде тиісті түрде көрсетілуі мүмкін және бір кәсіпорынның тауарларын және қызметтерін басқа кәсіпорынның тауарларынан және қызметтерінен ажыратуға болатындай болуы керек. Белгіленген талаптарды қанағаттандырмаған жағдайда, белгілемені тауар белгісі ретінде тіркеуден бас тартылады.

Тауар белгісінің келесі анықтамасы – Қазақстан Республикасының тауарлық белгілер туралы заңында көрсетілген: тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы – осы Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі. Англияның тауар белгілері туралы заңына сәйкес, таңба/белгілеме сөздерді (соның ішінде жеке атаулар), суреттер, әріптер, сандар, тауар пішіні немесе олардың орамдарын қамтиды.

Уақыт өте келе, жаңа технологиялар пайда болуының нәтижесінде Еуропалық патенттік ведомство тауар белгілеріне келесі белгілемелер санаттарын да енгізе бастады: сөздер; әріптік немесе сандық белгілер; графикалық элементтер мен стильдендірілген сөздерді немесе сандық белгілерді қамтитын бейнелі белгілер; өнімнің қаптамасын қоса алғанда, үш өлшемді нысандар; өнімдегі таңбаның ерекше орны; жиі қайталанатын үлгілер; тек түстер мен түс комбинациясы; дыбыстар қозғалыстағы элементтер немесе суреттер; мультимедиа, оның ішінде бейнелер мен дыбыстар; голограммалар және басқа санаттар. Көріп отырғанымыздай, тауар белгілеріне жататын белгілер тізімі өте кең. Біздің ойымызша, бұл Англия құқығының бастауы прецеденттік құқық. Заңнаманы қолдану практикасы заманауи дәуірдің жаңа міндеттеріне байланысты өзгеріске ұшырап отыратындықтан, бұл құқықтың қайнар көзі болып табылатын сот шешімдерінде де өз көрінісін табады. Қазақстан заңнамасы тауар белгілері ретінде жариялануы мүмкін белгілемелердің неғұрлым тар тізбесін қамтиды, сонымен қатар бұл соңғы тізім емес: тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері ретінде кейбір ұқсас тауарлардан және басқа қызметтерден тауарлар мен қызметтерді ажыратуға мүмкіндік беретін ауызша, әріптік, сандық, бейнелеу, көлемді және басқа да белгілер немесе олардың комбинациясы тіркеледі. Тауар белгісі кез келген түс комбинациясында болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес тауар белгілерінің түрлері.

Ең жиі кездесетіні ауызша тауар белгілері болып табылады. Ауызша белгілерге сөздерді, ауызша сипаттағы әріптер комбинациясын, сөз тіркестерін, сөйлемдерді, басқа тілдік бірліктерді, сондай-ақ олардың комбинациясы жатады. Мына тауар белгілерін мысалға алуға болады: Байер компаниясының атына тіркелген BAYER, Германия (Сурет 1), Maidenform LLC (АҚШ) өтінім берушісінің атына тіркелген “MAIDENFORM” тауар белгісі.

Әріптік белгілемелерге әріптер мен әріптер комбинациясы, сөздік сипаты жоқ аббревиатура, мәселен “CNN” тауар белгісі Cable News Network атына тіркелген стильдендірілген байланысқан әріптерден тұрады. Сандық белгілемелерге араб, рим сандары және олардың комбинациясы кіреді. Мысал ретінде 36.6 белгісінің Тауарлар мен қызметтерді халықаралық жіктеудің бірнеше сыныптарына қатысты, соның ішінде медициналық мақсаттағы бұйымдарға жататын 5 сыныпты қамтитын ірі Кипр компаниясы KLADA VENTURES LIMITED атына Қазақстандық тіркеуді алуға болады.

Сараптама ұйымының шешімімен тауар белгісіне 36,6 элементтерін дискламациялаумен қорғау ұсынылды.

Бұл шешім кейінірек Апелляциялық кеңеспен мақұлданды, бірақ өтінім беруші шешіммен келіспей, сотқа шағымдану құқығын пайдаланып, нәтижесінде тауар белгісі тіркеуден өтті. Дегенмен, осы материалды дайындау кезінде тауар белгісінің қолданылу мерзімі аяқталды, өтінім беруші тауар белгісіне мүдделі болмағандықтан, оның әрекет ету мерзімін қайта ұзартпады.

Бейнелеу белгілеріне жазықтықтағы графикалық бейнелер, атап айтқанда әртүрлі тіршілік иелерінің, заттардың, өзге де объектілердің, фигуралардың бейнелері, көркем орындалған қаріптік элементтер, сондай-ақ жоғарыда аталған элементтердің әртүрлі композициялары жатады. Көлем белгілеріне нысаны түпнұсқа болып табылатын үш өлшемді объектілер жатады.

Аралас белгілер әртүрлі сөздік, әріптік, сандық, бейнелеу, көлемді элементтердің комбинациялары.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Тауар таңбасы белгілеме ретінде

Дәріс авторы: Құлтай Адилова

Қазақстан Республикасының Тауар таңбалары туралы Заңының 5-бабында көзделген өзге де белгілерге голографиялық, дыбыстық және иіс сезімі белгілері жатады.

Тауар белгісін ұсыну/бейнелеу

Өтінім беру кезінде тауар белгісін ұсыну өте маңызды болып табылады, ол сондай-ақ заң талаптарына сәйкес болуы тиіс. Англияда тауар белгісін тіркеу жүйесі «тауар белгісін ұсыну/бейнелеу бойынша тіркеу» принципіне негізделген, яғни өтінім беруші тіркеуге тауар белгісінің үлгісін емес, тауар белгісінің бейнесін ұсынуы тиіс.

Тауар белгісін бейнелеу функцияларының бірі – құқық иеленушінің құқықтарының көлемін анықтау. Тауар белгісінің графикалық бейнесінің басқа функциясы «ақпараттық», яғни тауар белгісі туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялау жұртшылыққа тауар таңбасының тіркеуге берілгендігі туралы хабарлайды. Осылайша, тауар белгісінің бейнесі үшінші тұлғаларға тауар белгілерінің тізілімі бойынша іздеу жүргізуге және бұрын тіркелген тауар таңбаларымен қайшылықта болуы мүмкін жаңадан берілген өтінімдерді анықтауға көмектеседі. Белгіні көрсету/бейнелеудің үшінші функциясы ретінде әкімшілік функциясын атауға болады, мұнда белгінің бейнесі басқа белгілермен іздестіруді және салыстырмалы талдауды кедергісіз жүргізуге мүмкіндік береді.

Тауар белгілерінің жекелеген түрлерін тіркеудің ерекшеліктері

1. Өнімнің нысаны мен сыртқы көрінісі. Іс жүзінде тауар белгісін тіркеу үшін тауардың нысанын немесе орамасын, мысалы «вакуумдық орам» немесе «таяқшадағы шайнайтын кәмпит» деп ауызша сипаттау жеткіліксіз болады, өйткені мұндай сипаттама белгінің нақты көзбен шолу сипаттамаларын бермейді, бұл жағдайда қосымша нобайлық сызбаларды немесе таңбаның суреттерін ұсыну қажет. Өнім нысанын қорғау кезінде заң шығарушы тұтынушылардың тауарларды сатып алу кезіндегі әдеттерін назарға алды. Бір мезгілде тауарлардың нысандарын қорғауды ұсыну белгілі бір проблемаларды тудырды: мұндай құқықтарды беру бәсекелестікті шектеуі мүмкін, яғни қоғам үшін кері әсері болуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін, «тіркеуге алдын ала шектеулер» қарастырылды, атап айтқанда:

Егер белгі тек қана мына нысаннан тұратын болса, онда тауар белгісі ретінде тіркеуге алынбайды:

- өнімнің өз нысанын қайталаса;
- техникалық нәтижені алу үшін қажетті нысан;
- тауарларға елеулі құндылық беретін нысан;

2. Түстер. Түсті тауар белгілері Англияның тауар белгілері туралы Заңының жеке бөлігін алады, бұл оларды қорғауға байланысты бірқатар проблемаларды тудырды. Бастапқыда, шын мәнінде, түрлі-түсті тауар таңбалары қорғалмаған, өйткені бұрын мұндай белгілерді бюллетеньге технологиялық түрде енгізуге мүмкіндік болмады. Мысалы, өтініш беруші Тауарлар мен қызметтерді халықаралық жіктеудің 9-сыныбында телефон кітаптары үшін және 35-сыныптағы телекоммуникациялық қызметтер үшін қызғылт сары түсті тіркеуге берді. Ағылшын соты түстердің тауар белгілері ретінде жариялануына жол береді, бірақ әрбір жағдайды жеке-жеке зерделеу қажет. Тек түс үлгісін ұсыну жеткіліксіз, өйткені уақыт өте келе қағаздағы түс өзгереді, сонымен қатар сөздік сипаттамасы да қабылданбайды. Нәтижесінде, сот кодтар бойынша түстердің халықаралық танылған көрсеткішін (мысалы, Pantone түстерді таңдаудың стандартталған жүйесі) пайдаланатын белгі графикалық бейнені құраушы ретінде қабылдануы мүмкін деп шешті, мұндай кодтар дәл және тұрақты болып табылады деп қосады. Сонымен қатар, сөздік сипаттаманы халықаралық кодтармен бірге пайдалану – осының барлығы топтасып қорғау қабілеттілігінің шарттарын қанағаттандыра алады. Қазақстанда түсті белгіні тіркеу сұралған кезде сызылған контурсыз түстердің түсін немесе үйлесімін білдіретін белгі беріледі, мұндай таңбаның бейнесі түсті немесе түстердің үлгісінен тұруы тиіс.

2013 жылы Ұлыбритания белгілердің бейнелеу элементтерінің халықаралық жіктелісін құру туралы Вена келісіміне қосылды. Бұл келісім, тауарлар мен қызметтердің халықаралық жіктелісі туралы Ницца келісімі сияқты әкімшілік сипатқа ие.

Англияның тауар белгілерінің тізілімінде жалпы сыныптамаға сәйкес бейнелеу тауар белгілерінің құрамдас элементтерін кодтау қажет. Аталған Келісімнің мақсаты қарама-қайшы тауар белгілеріне іздеу жүргізуге көмек көрсету болып табылады.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Тауар таңбасы белгілеме ретінде

Дәріс авторы: Күлтай Адилова

3. Иістер. Ralf Sieckmann ісінде ағылшын соты иістің жеткілікті дәрежеде сөздік сипаттамасымен ұсынылуы мүмкін емес екенін көрсетті, себебі ол белгіні анық, дәл немесе объективті түрде жеткілікті көлемде ұсына алмайды. Осы істе Sieckmann Германиядағы тауар белгісі ретінде даршын иісін тіркеуге тырысты және тауар таңбасының сөздік сипаттамасына қосымша химиялық формуланы және оның үлгісін ұсынды. Алайда, сот бұл материалдар Тауар белгілері жөніндегі директиваның талаптарына сәйкес келмейді – үлгіні депозитке салу графикалық сурет болып табылмайды және тұрақты болуы мүмкін емес; ал химиялық формула түсінуге қолжетімді, анық немесе айқын болуы мүмкін емес. Авторлардың пікірінше, тіпті әрбір елде хош иістендірілген тауар таңбаларын тіркеуге қатысты өздерінің талаптары болуы мүмкін екенін ескергенде де, осындай көптеген тауар белгілерін тіркеу ықтималдығы аз. Осы сот ісінің материалдары негізінде, ағылшын құқығында Sieckmann бойынша белгінің 7 критерийі деп аталатындар белгіленді: белгі анық (екі мағыналы емес), дәл (мысалы, түсі жай ғана «күлгін» ретінде сипатталуы мүмкін емес), конструктивті (мысалы, музыкалық ноталар) аяқталған, жеңіл қолжетімді (мысалы, Пантонның халықаралық базасы), түсінікті, ұзақ мерзімді (графикалық сурет тұрақты болуы тиіс) және объективті болуы тиіс.

Қазақстанда осы дәрістердің дайындалған күніне дейін бірде-бір хош иістендірілген тауар белгісі тіркелмегенін айта кету керек. Хош иістендіргіші тауар белгісінің қорғалуын талап ету кезінде химиялық қосылыстың формуласын және иіс көзін сипаттайтын басқа ақпаратты, сондай-ақ ұсынылған белгілердің үлгісін сипаттау қажет.

4. Дыбыстық тауар белгілері. Англиядағы дыбыстық тауар белгісін графикалық көрсету туралы істі мысал ретінде қарастырайық. Іс екі белгіге қатысты болды: Бетховеннің «Элизаға» әуенінің алғашқы тоғыз нотасы және әтештің шақыруы, екеуі де кеңес беру қызметі мен зияткерлік меншік және маркетинг саласындағы қызметтерге ұсынылған.

Өтініш беруші өзінің дәлелдерін негіздеу үшін (фортепианода орындау үшін нұсқауларды қоса алғанда) нота жазбасын және ономастикалық (дыбыс беруші) орындауды, сондай-ақ («әтештің шақыруы») сөздік сипаттамасын пайдаланды. Сот музыкалық ноталар мен басқа да атрибуттары бар ноталық станнан тұратын партитура олардың салыстырмалы маңыздылығын көрсететін және қажет болған жағдайда басқа да маңызды емес атрибуттардың болуы SIECKMANN жеті өлшеміне жауап беретін болады деп қаулы етті. Сондай-ақ, сот ономатопоикалық презентация біріншіден, дыбыс және дыбысқа еліктеушілік арасында тұрақтылық болмағандықтан, екіншіден – дыбысқа еліктеушілікті қабылдау жеке және субъективті болғандықтан күрделілік туғызатындығын анықтады.

Қазақстанда бірнеше дыбыстық тауар белгілері тіркелген, мысалы олардың біреуі Тауарлар мен қызметтерді халықаралық жіктеудің 12-сыныбындағы автомобильдерге Hyundai Motor Company атына (сурет.3) және Тауарлар мен қызметтерді халықаралық жіктеудің 29, 30, 32-сыныптарындағы азық-түлік өнімдеріне қатысты Mars, Incorporated тауар белгісіне (сурет.4). Дыбыстық тауар белгісін тіркеу үшін өтінімге оның ноталық жазбасы мен цифрлық жеткізгіштегі фонограммасы қоса беріледі. Егер тіркеуге музыкалық туындының бір бөлігі ұсынылса, онда туындының атауы мен оның авторын көрсету, сондай-ақ автордың зияткерлік меншігін пайдалануға келісім бергенін растайтын құжаттарды көрсету қажет.

5. Дәмдік тауар белгілері. Мысал ретінде “Eli Lilly” фармацевтикалық компаниясының дәрілік заттарға қатысты жасанды құлпынай дәмін тіркеуге ұсынған ағылшын өтінімін қарастыру керек. Тауар белгісінің ауызша сипаттамасын берудің жеткіліксіздігі негізінде өтінімді қабылдаудан бас тартылды, мұнда сарапшының шешімі белгінің айырымдық қабілетке ие еместігіне негізделген. Англияның патенттік ведомствосының апелляциялық кеңесі дәмнің айырымдық қабілетіне ие болмағаны туралы сараптама шешімін растады, ал сөздік сипаттама дәм белгісін графикалық ұсыну үшін қабылдана алмайды.

Ұжымдық және сертификаттық тауар белгілері

Англияның тауар белгілері туралы заңы жоғарыда көрсетілген белгілерге қосымша, сондай-ақ егер олар белгілі бір талаптарға сай келсе, тауар белгісінің иесі болып табылмайтын үшінші тұлғалар пайдалана алатын ұжымдық пайдаланылатын тауар белгілерінің 2 нысанын таниды. Ұжымдық тауар белгісі – бұл тауар белгісінің иесі болып табылатын ассоциация мүшелерінің тауарлары мен қызметтерін басқа кәсіпорындардан ажырататын белгі. Ол мұндай белгіні пайдаланатын кәсіпкер клубтың немесе ассоциацияның мүшесі екенін көрсетеді.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Тауар таңбасы белгілеме ретінде

Дәріс авторы: Құлтай Адилова

Бұл айтылғандарға қарама-қарсы, сертификаттау белгісінің тауар белгісі пайдаланылатын тауарлар мен қызметтер тауардың шығу тегі, оның материалы, өндіріс немесе қызмет көрсету тәсілі, сапасы мен өзге де сипаттамасына қатысты тауар иесімен сертификатталғанын көрсетеді.

Қазақстандық тәжірибеден сертификаттық белгінің мысалы (сурет.5) белгі болуы мүмкін. Алайда, Қазақстанның заңнамасы сертификаттық белгілер қорғалуға жатпайтынын тікелей қарастырады. Мысалы, суреттегі сертификациялық белгі. Тауарлар мен қызметтерді халықаралық жіктеудің 35 және 42-сыныптарына қатысты Қазақстанның патенттік ведомствосына тіркеуге берілді, алайда ведомство оны тіркеуден бас тартты, себебі белгінің айырмашылық қабілеті жоқ. Ведомствоның шешіміне шағым жасалған апелляциялық кеңес тіркеуден бас тарту туралы шешімді қолдады.